

А.Б. Шадырова <sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ

*Аңдатпа*

Мақалада инклюзивті білім беруді мектепте ұйымдастыру және мектеп мұғалімінің психологиялық даярлық мәселесі қарастырылады. Автор ғылыми әдебиеттер талдауына сүйене отырып, инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдіснамалық амалдары ретінде мәдени -тарихи және гуманистік тұғырларды анықтаған. Зерттеуде инклюзивті білім беру заманауи білім берудің жаңадан дамып келе жатқан бағдары ретінде қарастырылып, оның жалпы сипаты, ерекшеліктері ашылған.

Автор аталмыш мәселені зерттеген ғалымдардың көзқарастарын алға тарта отырып, инклюзия тек ерекше қажеттілігі бар балаларға ғана емес, сонымен бірге дені сау балалар үшін де адамгершілікті дамытатын, тиімді білім беру жүйесі болып табылатын және олардың әр бірінің даралығын сыйлау, қабылдау негізінде толерантты, адамгершілігі мол, қол ұшын созуға дайын болу сияқты қасиеттері бар тұлға қалыптасатынына басты назар аударады.

Мақалада инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары анықталып, олардың мәні ашылады. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың жолдары көрсетіледі.

Ізденуші мәселе аясында жүргізген эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен таныстырып, инклюзивті білім беруді мектепте ұйымдастыру бойынша жылдам шешімді талап ететін жағдайларға баса назар аударады.

**Түйін сөздер:** тұлға, психологиялық даярлық, психикалық функция, қарым -қатынас, инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, қажеттілік, мүмкіндік, әлеуметтік орта.

А.Б. Шадырова <sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан

## ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ГОТОВНОСТЬ УЧИТЕЛЯ ШКОЛЫ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Аннотация*

В статье раскрывается проблема организации инклюзивного образования в школе и психологическая готовность учителя. Автор, опираясь на анализ научной литературы, определяет такие методологические подходы организации инклюзивного образования в школе как культурно-исторический подход и гуманистический подход. В исследовании инклюзивное образование рассматривается как новое развивающееся направление современного образования, приводится общая характеристика и раскрыты особенности.

Автор, ссылаясь на взгляды ученых отмечает, что инклюзия является эффективной образовательной системой не только для детей с ограниченными возможностями, но также формирует нравственные качества у здоровых детей, инклюзия учит уважать индивидуальность каждого ребенка, развивает у личности толерантность через принятие другого, способность оказать помощь.

В статье определены основные принципы организации инклюзивного образования в школе, раскрыта их сущность. Также определены пути организации инклюзивного образования в школе.

Исследователь предлагает результаты проведенного эмпирического исследования и обращает внимание на ситуации, которые требуют быстрого решения при организации инклюзивного образования в школе.

**Ключевые слова:** личность, психологическая готовность, психическая функция, общение, инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями, потребность, возможность, социальная среда.

*A.B.Shadyrova*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
Almaty, Kazakhstan*

## **PSYCHOLOGICAL READINESS OF A SCHOOL TEACHER IN AN INCLUSIVE EDUCATION ENVIRONMENT**

### *Abstract*

The article reveals the problem of the organization of inclusive education at school and the psychological readiness of the teacher. The author based on the researching of scientific literature and materials, defines such methodological approaches to the organization of inclusive education at school as a cultural-historical approach and a humanistic approach. The study considers inclusive education as a new developing area of modern education giving general description and revealing the features.

The author, referring to the views of scientists, notes that inclusion is an effective educational system not only for children with special needs, but also moral qualities are formed in healthy children. Inclusion teaches to respect the individuality of any child as well as it develops tolerance in a person through acceptance of another. Moreover it develops the ability to help other people.

The article defines the basic principles of the organization of inclusive education at school and reveals their essence. Also, the ways have been identified for organizing inclusive education at school.

The researcher offers the results of an empirical study and draws attention to situations that require a quick solution when organizing inclusive education at school.

**Keywords:** identity, psychological readiness, psychological function, communication, inclusive education, children with special needs, necessity, opportunity, social environment.

### **КІРІСПЕ.**

Заманауи әлемде ерекше қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беру ұйымдарына жаппай кірігуі барлық дамыған елдерді қамтитын жаһандық қоғамдық құбылыс. Оның негізінде мүгедектігі бар және мүмкіндігі шектеулі балаларға барлық қарым-қатынас жүйесін қоғам мен мемлекеттің қайта қарау даярлығы тұр. Баршамызға белгілі болғандай білім алу – әрбір адамның құқығы. Бұл туралы «Білім туралы» және «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген [1, 2].

Инклюзивті білім беру «динамикалық дамыту амалы» ретінде жылдар бойы қалыптасқан қатаң параметрлері бойынша баланың табыстылығына бағытталған дәстүрлі оқыту жүйесін қайта қарауды талап етеді. Бүгінгі білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедектігі бар балалардың қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ескеріп, бейімделу керек жағдайда тұр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы әдістемелік нұсқаулықта «инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты

тұрғылықты жерінің танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес қоғамға әлеуметтік бейімделу мен кірігу, өз баласының дамуы мен тәрбиесіндегі отбасы рөлін күшейту негізінде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқығын жүзеге асыру» [3].

Жоғарыда қарастырылғандар инклюзивті білім берудің өзектілігін айқындап, зерттеу тақырыбымыздың маңызын көрсетеді.


### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.**

Зерттеуде келесідей ғылыми зерттеу әдістерін пайдаландық: *теориялық әдістер*- заңнамаларды, нормативтік құжаттарды талдау, зерттеу тақырыбы бойынша педагогикалық, психологиялық, арнайы, әдістемелік әдебиеттерді талдау, сараптау, жүйелеу, индукция, дедукция, жалпылау; *эмпирикалық әдістер*- анықтаушы эксперимент, бақылау, тест, сауалнама.

Инклюзивті білім берудің әдіснамалық негізін белгілі психолог Л.С.Выготскийдің мәдени- тарихи мектебі қалады. Мәдени-тарихи талдау негізінде ресейлік ғалымдар орта бұл адамның жоғары психикалық функциясын дамыту факторы деп қарастырады және осы тұста баланың дамуы биологиялық емес, қоғамдық тарихи заңдылықтарға бағынатынын басымдық ретінде көрсетеді.

Л.С.Выготский өз еңбектерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалардың қоғамынан ажырамай оқытатын жүйе қажеттілігін көрсеткен. Инклюзивтік білім берудің ресейлік моделі тұлға мен ортаның тұтас бірлігін қамтыған ғалымның осы көзқарасына негізделеді, сурет -1. Ғалымның ұстанымы бойынша «әлеуметтік орта мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ең маңыздысы», «арнайы мектеп ерекшелігі бар баланы өте тар мектеп ұжымымен шектейді, барлық назарды оның кемшілігіне аударып, оны шынайы өмірге кірігуден алшақтады» [4].

Сурет -1 Инклюзивтік білім берудің моделі (Л.С.Выготский)



Білім берудегі гуманистік теорияның дамуына К.Роджерстің еңбектерінің ықпалы болды. Ғалым үшін балаға қарым-қатынастағы мұғалімнің рөлі принципті ұстанымы жаңа амал ретінде қалыптасты. Гуманист-психолог мұғалімнің мінез-құлқын келесідей тұлғалық - мәнді ұғымдар арқылы анықтайды: «өзара әрекеттесу», «өзара қарым-қатынас», «фасилитация», «жағдай жасау», «көмек көрсету» және т.б. [5].

Бала тұлғасының ерекшелігінің үйлесу және инклюзияның әлеуметтілігінің негізгі механизмдері ретінде жаңа ортаға бейімделу, социумда өзін-өзі растау, жеке даралығын өз бетінше жүзеге асыру арқылы түзету және оңалту болып табылады.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда гуманистік идеяның тиімді орын алуы: мұғалімдердің негізгі күш -жігері баланың өзімен және қоғаммен келісе отырып, үйлесімді өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасауға ықпал етуде.


О.И.Феропонтова инклюзивті білім беру мәселесін қарастыра келе, инклюзия мүгедек балаларға мектеп есігін ашып қоюмен шектелмейді деген ойымен бөліседі. Бұл барлық білім беру процесінің субъектілерінен, ең алдымен оқушы, мұғалім, ата-аналардан нағыз белсене кірісуді талап ететін маңызды интеллектуалды, ұйымдастырушылық және эмоционалды жұмыс. Мүгедек балалардың мүгедектігі жоқ балалармен бірлесе оқуының ерекшеліктері туралы бірлесе ағартушылық жұмысты жолға қойып қалыптастыру қажеттілігі туындайды [6].

Айта кететін жәйт, инклюзия тек ерекше қажеттілігі бар балаларға ғана емес, сонымен бірге дені сау балалар үшін де адамгершілікті дамытатын, тиімді білім беру жүйесі болып

табылады. Олардың әр бірінің даралығын сыйлау, қабылдау негізінде толерантты, адамгершілігі мол, қол ұшын созуға дайын болу сияқты қасиеттері бар тұлға қалыптасады.

Зерттеуші А.С.Сунцова өз еңбегінде инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыруда бірнеше негізгі қағидаларды ұстану қажеттілігін анықтаған, сурет -2:

Сурет -2 Инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары



Суреттегі қағидалардың мәніне тоқталсақ:

- Инклюзивті ортаға ерте қосылу, бұл әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілетінің бастапқы қалыптасуына бағытталады;

- Түзетушілік көмек, яғни баланың әлеуметтік ортаға тез бейімделу үшін қолдау кеңістігін ұйымдастыру қажет;

- Білім берудің жекеге бағытталуы, бұзылысы бар бала барлығына арналған жалпы білім беру бағдарламасын меңгере алады, яғни балалар ұжымына кірігуінің де басты шарты осы болып табылады. Қажеттілік туындаған жағдайда баланың мүмкіндігі, ерекшелігі, ақаудың тереңдігіне байланысты жеке білім беру траекториясы құрастырылу керек.

- Жұмыстың командалық тәсілі. Педагог, ата-ана, мамандарға тығыз өзара байланыста біріге жұмыс жасау қажет.

- Ата -аналардың белсенділігі, бала дамуының нәтижесіне жауапкершіліктері. Ата -аналар білім беру процесінің толыққанды субъектісі болуы тиіс, осы себепті оларға білім беру процесін талқылауға белсенді қатысуға мүмкіндік берілуі қажет.

- Инклюзияның процесс және нәтижесі ретінде әлеуметтенудің басымдығы.

- Позитивті тұлғааралық қарым-қатынастарды дамыту стихиялық процесс емес, бұл педагогтердің арнайы жұмысының пәні болып табылады [7].

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға байланысты ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау негізінде оны ұйымдастыру бойынша келесілерді ұсынады:

- оқытудың белсенділік арттыратын, эксперименттік әдістерін қолдану;

- пікірталас, қарым-қатынасты қоса алғанда, оқытудың белсенді әдістерін жүзеге асыру;

- кез келген пәннің кілт сөздерін меңгеруге көбірек назар аудару;

- жаңа материалды кезең- кезеңмен меңгеруді қолдану;

- көркем әдебиетті оқуға көбірек назар аудару;

- оқушыларға тапсырма орындаудағы жауапкершілікті түсінуге мүмкіндік беру;

- оқушыларға таңдауда көбірек еркіндік беру;

- мектепте демократиялық қарым- қатынас қағидаларын ендіру;
- әрбір оқушының өзгермелі мінез-құлқы мен эмоционалдық қажеттілігіне көбірек назар аудару;
- сыныптың бірігуіне ықпал ететін бірігу іс- әрекет түрлерін пайдалану;
- оқушылардың жеке даралық қажеттіліктерінен шығатын іс-әрекеттің даралық түрлеріне мән беру, алайда оқушылардың қабілеттерін назарға алмай, сыныпты топтарға бөлу;
- жалпы білім беретін мектепте оқитын ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арнайы көмек көрсету;
- ынтымақтастыққа мұғалімдерді, ата-аналарды, мектеп әкімшілігін, өзге де қызығушылық танытқан ұйымдар мен қоғамдастықтарды тарту;
- оқудағы прогресті қоса алғандағы оқушылардың жетістіктерін бағалауға сүйену [8].

### НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ.


Зерттеу тақырыбымыздың аясында біз мектеп мұғалімдеріне арналған сауалнама әзірледік. Сауалнама 21 сұрақты қамтыды. Сауалнаманы мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім беру ортасындағы кәсіби немесе жеке қажеттіліктерін анықтау мақсатында Қазақстанның бірнеше аймағында орналасқан білім беру ұйымдарында өткізуді жөн көрдік. Сауалнамаға жауап беруге ыңғайлы болу үшін онлайн форматта google.forms цифрлық құралында әзірледік. Сауалнамаға жалпы саны - 8 359 мұғалім қатысты.

Сауалнаманың көрсеткіштеріне тоқталсақ, ең алдымен, «Мектебіңізде ең жиі кездесетін мүмкіндігі шектеулі балалар контингенті?» деген сұраққа жауаптарын талдасақ, 50%-психикалық дамуы тежелген, 20,8% -зерде бұзылысы бар, 9,4%- тірек- қозғалыс аппараты бұзылған, 10,6% -көру қабілеті бұзылған, 6%- аутизмі бар балалар және 4% көрсеткішпен есту қабілеті бұзылған балалар барын анықтадық, сурет- 3.

Сурет-3 «Мектебіңізде ең жиі кездесетін мүмкіндігі шектеулі балалар контингенті?» сұрағының көрсеткіштері

**Мектебіңізде ең жиі кездесетін мүмкіндігі шектеулі балалар контингенті?/Самый распространенный контингент детей с ограниченными возможностями в вашей школе?**

8 359 ответов




Келесі «Мектепте оқушының табысты білім алуы және әлеуметтенуі үшін жайлы орта қарастырылған ба?» сұрағына басым көпшілігі 76,4% -ия, 11,4% -көбірек ия, 7%-жоқ, 4% - көбірек жоқ деп көрсеткен, «Мүмкіндігі шектеулі баланы эмоциялық тұрғыда қабылдаймын» тұжырымының нәтижесін қарастырсақ, 62,1 % -ия, 23,7%- жоқ, 9,7 %- көбірек ия және 3 %- көбірек жоқ деп жауап берген, сурет-4.

«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіруге арналған іс-шараларды өткізудің қажеттілігі бар» тұжырымының көрсеткіштерін анықтасақ: 76,1%- ия, 8%-жоқ, 13,4%- көбірек ия, 2%-көбірек жоқ.

Сурет-4 «Мектепте оқушының табысты білім алуы және әлеуметтенуі үшін жайлы орта қарастырылған ба?», «Мүмкіндігі шектеулі баланы эмоциялық тұрғыда қабылдаймын» тұжырымдарының нәтижелері.


4. Мектепте оқушының табысты білім алуы және әлеуметтенуі үшін жайлы орта қарастырылған?/ Предусмотрена комфортная среда в школе для успешного обучения и социализации школьника?

8 359 ответов



5. Мүмкіндігі шектеулі баланы эмоциялық тұрғыда қабылдаймын?/ Воспринимаю ребенка с ограниченными возможностями эмоционально?

8 359 ответов




Келесі «Сыныптастары мүмкіндігі шектеулі балаға көмек көрсетеді» ұстанымының нәтижесіне көшсек, 81,4%- ия, 11,3 %-көбірек ия, 5%-жоқ, 3%-көбірек жоқ, сурет-5.

Сурет-5 «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіруге арналған іс-шараларды өткізудің қажеттілігі бар», «Сыныптастары мүмкіндігі шектеулі балаға көмек көрсетеді» ұстанымдарының көрсеткіштері


6. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіруге арналған іс-шараларды өткізудің қажеттілігі бар?/ Необходимо проведение мероприятий по социализации детей с ограниченными возможностями?

8 359 ответов



7. Сыныптастары мүмкіндігі шектеулі балаға көмек көрсетеді?/ Одноклассники оказывают помощь детям с ограниченными возможностями?

8 359 ответов




«Мүмкіндігі шектеулі балаға көмектесетін оқушыларды ынталандыру шаралары жүргізіледі ме?» сұрағының көрсеткіштерін анықтасақ: 73,8%-ия, 10,2%-жоқ, 11,5%- көбірек ия, 5%- көбірек жоқ, «Материалдық-техникалық база жеткілікті қамтылған ба?» сұрағының нәтижесіне тоқталсақ: 53,2%-ия, 23,6%- жоқ, 14,1%- көбірек ия, 9,1%-көбірек жоқ деп жауап берген, сурет-6.

Келесі «Мүмкіндігі шектелуі оқушыны мектепке ауыстырғанда оның жағдайы бойынша екі мектептің педагогтері арасында байланыс орнатылады ма» сұрағының көрсеткіштері: 65%-ия, 13,8%- жоқ, 14, 5%-көбірек ия, 8 %-көбірек жоқ

Сурет-6 «Мүмкіндігі шектеулі балаға көмектесетін оқушыларды ынталандыру шаралары жүргізіледі ма?», «Материалдық -техникалық база жеткілікті қамтылған ба?» сұрақтарының көрсеткіштері.


8. Мүмкіндігі шектеулі балаға көмектесетін оқушыларды ынталандыру шаралары жүргізіледі?/ Проводятся мероприятия по стимулированию учащихся, которые помогают ребенку с ограниченными возможностями?

8 359 ответов



12. Материалдық-техникалық база жеткілікті қамтылған?/ Достаточная материально-техническая база?

8 359 ответов




«Тәжірибе алмасу үшін арнайы мектептердің мамандары кездесулерге шақырылады ма?» сұрағының жауабын талдасак: 60,9%-ия, 20,5%-жоқ, 11,6%-көбірек ия, 7%- көбірек жоқ, сурет-7.

Сурет-7 «Мүмкіндігі шектелуі оқушыны мектепке ауыстырғанда оның жағдайы бойынша екі мектептің педагогтері арасында байланыс орнатылады ма», «Тәжірибе алмасу үшін арнайы мектептердің мамандары кездесулерге шақырылады ма?» сұрақтарының көрсеткіштері


14. Мүмкіндігі шектеулі оқушыны мектептен мектепке ауыстырғанда оның жағдайы бойынша екі мектептің педагогтері арасында байланыс орнатылады?/ При переводе учащегося с ограниченными возможностями из школы в школу устанавливается связь между педагогами двух школ по его состоянию?

8 359 ответов



15. Тәжірибе алмасу үшін арнайы мектептердің мамандары кездесулерге шақырылады?/ Для обмена опытом на встречи приглашаются специалисты специальных школ?

8 359 ответов




«Мүмкіндігі шектеулі оқушыға жеке оқу бағдарламасы/бейімделген бағдарлама қарастырылмаған» сұрағының нәтижесі: 48,9%- ия, 34,9%- жоқ, 9,6%-көбірек ия, 6%- көбірек жоқ, сурет-8.

Сурет-8 «Мүмкіндігі шектеулі оқушыға жеке оқу бағдарламасы/бейімделген бағдарлама қарастырылмаған», «Сабақ үстінде мүмкіндігі шектеулі оқушыға ерекше ықпалды педагог - ассистент жүзеге асырады? » сұрақтарының нәтижесі


16. Мүмкіндігі шектеулі оқушыға жеке оқу бағдарламасы/бейімделген бағдарлама қарастырылмаған?/ Индивидуальная учебная программа / адаптированная программа не предусмотрена для учащегося с ограниченными возможностями?

8 359 ответов



19. Сабақ үстінде мүмкіндігі шектеулі оқушыға ерекше ықпалды педагог-ассистент жүзеге асырады?/ Особое влияние на учащихся с ограниченными возможностями во время занятий осуществляет педагог-ассистент?

8 359 ответов



Суреттегі басқа сұраққа назар аударсақ, «Сабақ үстінде мүмкіндігі шектеулі оқушыға ерекше ықпалды педагог-ассистент жүзеге асырады?» келесідей көрсеткіштерін байқаймыз: 53,9%-ия, 32,8%-жөк, 8,7%-көбірек ия, 4,5%-көбірек жөк.

### ҚОРЫТЫНДЫ.

Қарастырып отырған мәселе бойынша ғалымдардың көзқарастарын алға тарта отырып, инклюзия тек ерекше қажеттілігі бар балаларға ғана емес, сонымен бірге дені сау балалар үшін де адамгершілігін дамытатын, тиімді білім беру жүйесі болып табылатын және олардың әр бірінің даралығын сыйлау, қабылдау негізінде толерантты, адамгершілігі мол, қол ұшын созуға дайын болу сияқты қасиеттері бар тұлға қалыптасатынына басты назар аударамыз.

Жалпы жоғарыда қарастырылған сауалнама нәтижелерін түйіндесек, көрсеткіштер бойынша, қазіргі таңда жалпы білім беретін мектепте ең жиі кездесетін мүмкіндігі шектеулі контингент психикалық дамуы тежелген және зерде бұзылысы бар балалар; материалдық-техникалық база жағынан мектептерде әлі де болса жабдықтау мәселесі өзекті екенін байқадық; мүмкіндігі шектеулі оқушыға жеке оқу бағдарламасы немесе бейімделген бағдарламаның қарастырылуы әлі де болса ашық екенін байқауға болады, сұрақ нәтижесі бойынша шамамен респонденттердің 40% бағдарламаның мүлдем жоқ екенін, оны дайындау жолға қойылмағанын көрсетті.

Инклюзивті білім беруден ең үлкен әсер болады, егер қоғамның тұлғаға және өзінің болашағына дүниетанымдық ұстанымдары гуманистік бағытта бет бұрыс алса, яғни адамды табиғаттың бірегей құбылысы деп қабылдап, оның субъектілігінің басымдығын мойындаса, өмірдің мақсаты оның дамуы.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007ж. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_)
2. «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2022ж. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_)
3. Методические рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии. Министерство образования и науки Республики Казахстан 16 марта 2009 г. №4-02-4/450.
4. Выготский Л. С. Педагогическая психология / под ред. Л. М. Штутиной, Л. М. Маловой. М.: Педагогика-Пресс, 1999. 536 с.
5. Роджерс К. Р. Становление личности. Взгляд на психотерапию. М.: ЭксмоПресс, 2001. 415 с.
6. Ферапонтова О.И. Социальные аспекты инклюзивного образования детей-инвалидов // Вестник Самарского государственного университета. – 2007. – № 1. – С. 165 – 172.



7. Сунцова А.С. Теории и технологии инклюзивного образования: учебное пособие / А.С. Сунцова. Ижевск: Изд-во «Удмуртский университет», 2013. 110 с.

8. Загуменнов Ю.Л. Инклюзивное образование: создание равных возможностей для всех учащихся. Минская школа сегодня. 2008; №6.

#### *Referenses*

1. «Bilim turaly» Qazaqstan Respublikasynuң Zaңy, 2007zh. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_)

2. «Bala kыkыqtary turaly» Qazaqstan Respublikasynuң Zaңy, 2022zh. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_)

3. Metodicheskie rekomendacii po organizacii integrirovannogo (inklyuzivnogo) obrazovaniya detej s ogranichennymi vozmozhnostyami v razvitii. Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan 16 marta 2009 g. №4-02-4/450.

4. Vygotskij L. S. Pedagogicheskaya psihologiya / pod red. L. M. SHtutinoj, L. M. Malovoj. M.: Pedagogika-Press, 1999. 536 s.

5. Rodzhers K. R. Stanovlenie lichnosti. Vzglyad na psihoterapiyu. M.: EksmoPress, 2001. 415 s.

6. Ferapontova O.I. Social'nye aspekty inklyuzivnogo obrazovaniya detej-invalidov // Vestnik Samarskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2007. – № 1. – S. 165 – 172.

7. Suncova A.S. Teorii i tekhnologii inklyuzivnogo obrazovaniya: uchebnoe posobie / A.S. Suncova. Izhevsk: Izd-vo «Udmurtskij universitet», 2013. 110 s.

8. Zagumenov YU.L. Inklyuzivnoe obrazovanie: sozdanie ravnyh vozmozhnostej dlya vsekh uchashchihysya. Minskaya shkola segodnya. 2008; №6.